

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жанындағы Республикалық құқықтық ақпарат орталығының мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 538. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 16 маусымдағы N 1228 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 жыл, N 19, 230-бап) және "Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің және заң тәртібін нығайтудың 1993-1995 жылдарға арналған кезек күттірмейтін шараларының Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 23 қыркүйектегі N 1352 қаулысына сәйкес, сондай-ақ тұтынушыларды құқықтық ақпарат қызметімен және автоматтандырылған жүйелерді пайдалана отырып, оларды нормативтік сипаттағы анықтама-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1 . < * >
2 . < * >

Ескерту. 1,2-тармақтардың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.15. N 748 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жанындағы Республикалық құқықтық ақпарат орталығы мен аймақтық құқықтық ақпарат орталықтарына еңбек ақы төлеу шарттары, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" жөніндегі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 желтоқсандағы N 1478 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әділет органдары мекемелері және мемлекеттік нотариат органдары қызметкерлерінің сыныптық шендері және еңбек сіңірген жылдары үшін үстеме ақы төлеу туралы ереженің күші қолданылатын болсын.<*>

Ескерту. 3- тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1996.01.09. N 31 қаулысымен.

4. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері аймақтық құқықтық ақпарат орталықтарын қызметтік үй-жаймен қамтамасыз етуде шаралар қабылдасын.

5 . < * >

6 . < * >

Ескерту. 5,6-тармақтардың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.15. N 748

қ а у л ы с ы м е н .

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жанындағы Республикалық құқықтық ақпарат орталығын қосымша телефон байланысымен, оның ішінде үкіметтік байланыспен қамтамасыз етсін, сондай-ақ аймақтық құқықтық ақпарат орталықтарымен байланыс орнату үшін "Искра-2" байланыс арнасын берсін.

8. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жанындағы Республикалық құқықтық ақпарат орталығы туралы Ережені бекітсін.

9. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 жылғы 14 шілдедегі N 402 өкімінің;

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 жылғы 13 маусымдағы N 165 өкімінің

;

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1989 жылғы 6 наурыздағы N 43 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі